

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 1999 жылғы 14 қыркүйек N 1388 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.18. N 1220 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Тақырыбы және мәтініндегі сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.31. N 165 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті отандық тауар өндірушілерді отандық тауар өндірушілерге зиян келтіретін ұқсас тауарлар импортынан қорғау жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 14 қыркүйектегі

N 1388 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті (бұдан әрі Комитет) Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің құзыретті шегінде антидемпингтік, қорғаныш және өтем шараларын қолдану саласында арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асырушы ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банкте есепшоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің заңдарға сәйкес мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретінің мәселелері жөнінде заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

Астана қаласы, 473000, Бейбітшілік көшесі, 37

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті".

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтайшы құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитеттің функциясы болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тиым салынады.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) ішкі рынокты отандық тауар өндірушілерге елеулі зиян келтіретін немесе анық елеулі зиян келу қаупін туғызатын өскелең тауарлар импортынан қорғау;

2) отандық тауар өндірушілерді материалдық зиян келтіретін немесе материалдық зиян келтіру қаупін туғызатын тауарлар импорты кезінде ішкі рыноктағы теріс пиғылды бәсекеден қорғау;

3) Қазақстан Республикасының экономикасы үшін зиянды зардаптарды жою үшін антидемпингтік, қорғаныш және өтем бажының объективті көлемдері жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

11. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес заңдарда белгіленген тәртіппен мына функцияларды:

1) ішкі рынокты тауар импортының, демпинг пен шет мемлекеттер (шет мемлекеттердің одағы) субсидиялайтын тауар импортының өскелең көлемі

2) белгіленген антидемпингтік, өтем және қорғаныш шараларын тиімді жасау үшін мемлекеттік органдар мен өзге ұйымдардың қызметіне қатысуға және ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық пен үйлестіруді жүзеге асыруға;

3) өз құзыретінің шегінде антидемпингтік, қорғаныш және өтем шаралары жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығаруға;

4) тауарлар импорты кезінде ішкі рыноктағы адал бәсеке шарттарының бұзылу фактілері анықталған жағдайда, заңдарда белгіленген шараларды қолдану жөнінде ұсыныстар енгізуге;

5) өз құзыретінің шегінде, соның ішінде: өз бастамасы бойынша тексеріс жүргізу туралы; тексеріс рәсімін жүргізуді бастаудан бас тарту туралы; тексеріс жүргізу туралы өтініш қайтарып алынған кезде өз бастамасы бойынша тексерісті жалғастыру туралы; шаралар қолданбастан тексеріс жүргізуді тоқтату туралы шешімдер қабылдауды;

6) мүдделі тұлғалардан, мемлекеттік органдардан тексеріс үшін қажетті ақпаратты, соның ішінде құпиялысын да, сұратып алуға және олардың растығын тексеруге;

7) өз құзыретінің шегінде берушілерден қабылданған міндеттемелердің орындалуы туралы мәліметтер сұратып алуға және олардың растығын тексеруге;

8) экспорттаушының елінде ақпараттың растығына тексеру жүргізуге;

9) адал бәсеке шарттарының бұзылу фактілері анықталған кезде антидемпингтік, қорғаныш және өтем шараларын қолданудың орындылығы туралы қорытындылар дайындауға;

10) антидемпингтік, қорғаныш және өтем шаралары саласында Қазақстан Республикасының заңдарын қолдану жөнінде бірлесіп жұмыс істеу үшін басқа мемлекеттік органдардың мамандарын, сондай-ақ шетелдік және жергілікті сарапшылар мен мамандарды тартуға;

11) заңдарға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен оқшаулауына немесе өзге тәсілмен иелік етуіне құқығы жоқ.

Комитетке заңдарда белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитет қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке

тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Комитет төрағасының орынбасары болады.

17. Комитет төрағасы Комитет жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауап береді.

18. Осы мақсаттарда Төраға:

1) өз орынбасарының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды; 2) заңдарға сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Комитеттің қызметкерлеріне заңдарда белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады;

4) бұйрықтарға қол қояды;

5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

7) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.